

## **«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы**

### **Артықшылықты акцияларды ұстаушының жаднамасы**

**«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы 2018 жылдың 13 тамызынан бастап 2018 жылдың 16 қарашасына дейін 12 800 теңге бағасы (бағдарламаның бүкіл мерзіміндегі баға тұрақты) бойынша жүргізіледі. Артықшылықты акцияларды сатып алу Қазақстанның қор биржасында Есеп айырысудың бірінші күнінен бастап Есеп айырысудың соңғы күніне дейін үш айдың ішінде айына бір рет ашық сауда тәсілін қолданумен іске асырылады.**

**Сатып алу бағдарламасын жүргізуге байланысты, ҚМГ БӨ Қазпочта АҚ-мен бірлесіп 1499 телефоны бойынша (қалалық және ұялы нөмірден Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) байланыс орталығы ұйымдастырылды.**

**«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын Қазақстанның Қор Биржасында (ҚҚБ) сатып алу бағдарламасына қатысу құқығын пайдалану үшін жасалатын қажетті негізгі қадамдар:**

1. Брокерде шот ашу, ол Сізге онымен алдын ала шарт жасасу арқылы мамандандырылған саудаласу шеңберінде Сізге тиесілі акцияларды сатуға көмектеседі. Аймақтарда Сіздер Қазпочтаның жергілікті бөлімшелері арқылы шот ашуыңызға болады. Қазпочта АҚ бөлімшелерінің мекенжайлары төменде көрсетілген.
2. Тіркеушідегі\* шотыңызда сақтаулы акцияларды Брокерде жаңадан ашылған шотқа аудару аласыз, бұл ретте, Тізілімдегі Сіздің деректеріңіздің жаңартылғанына және шындыққа сай екеніне көз жеткізу қажет (*акцияларды аудару ыңғайласпа бұйрықтар берумен бір мезгілде іске асырылады*):
  - 2.1 Тіркеушіге акцияларды есептен шығаруға бұйрық беру;
  - 2.2 Брокерге акцияларды есепке алуға бұйрық беру.
3. Брокерге мамандандырылған саудаласу шеңберінде саны мен 1 акцияның бағасын көрсете отырып, акциялар сатуға бұйрық беру.

Неғұрлым егжейлі-тегжейлі ақпарат төменде көрсетілген.

\* Қазпочта АҚ Тіркеушіге трансфер-агенті қызметтерін көрсетеді.

## Жаднама

Қадамдар	
1.	<b>Брокерлік компанияда шот ашу [брокеріңіз болмаған жағдайда]</b>
а	Қазақстан Республикасында брокерлік-дилерлік қызметпен айналысуға арналған лицензиясы бар және белгілі бір санат («қор нарығы» санаты) бойынша Қазақстан қор биржасының мүшесі болып табылатын брокерлік компанияны таңдап алыңыз <a href="http://www.kase.kz/membership">http://www.kase.kz/membership</a> . Қазпочта АҚ еліміздің барлық облыстық аймақтарында брокерлік қызметтер көрсетеді.
б	Бағалы қағаздармен операциялар үшін сыйақының мөлшерін қоса алғанда, ұсынылатын брокерлік қызметтердің шарттарымен назар аударып отырып танысыңыз. Брокермен әңгімелесу кезінде өз мақсаттарыңызды білдіріңіз, мысалы оларды Қазақстанның қор биржасында сатып алу бағдарламасының шеңберінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын сату ниетіңізді.
в	Брокермен брокерлік қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасыңыз. Шарттың шеңберіндегі брокердің міндеттеріне, басқаларын қоса алғанда, Бағалы Қағаздардың Орталық Депозитарийі (бұдан әрі - ОД) жүйесінде бағалы қағаздарды есепке алу бойынша клиент үшін шот ашу. Сондай-ақ, Брокер Сіздің мамандандырылған саудаласудың шеңберінде ҚҚБ-да бағалы қағаздарды сату жөніндегі бұйрығыңызды (өтініміңізді) қабылдауға және орындауға мүмкіндігі болуы қажет.
г	Брокер Сіздің атыңызға шот(-тар) ашқаннан кейін, Брокерден шоттың(-тардың) нөмірі сияқты деректер көрсетілетін шот(-тар) ашу туралы хабарлама аласыз.
д	Сондай-ақ, бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі бұйрықтың бланкісін (Брокер бекіткен үлгідегі) сұрап алу қажет.
2.	
	<p>Акционер өз бағалы қағаздарын Тіркеушінің шотынан Брокердегі өз шотына аудару жолымен ОД-ның шотында бағалы қағаздардың бар болуын қамтамасыз етеді. Тіркеушінің қызметтерімен және брокерлік қызметтермен байланысты барлық шығыстарды бағалы қағаздарды ұстаушылардың өздері төлейді.</p> <p><b>Жеке тұлғалар үшін Брокер және Трансфер-агент ретіндегі Қазпочта АҚ-ның комиссияларын Компания өтейтінін атап өту қажет.</b> Тіркеуші мен Брокер акционердің агенттерінің функцияларын атқарады, олар акционер беретін жазбаша тапсырмалардың (бұйрықтардың) негізінде оның атынан іс-қимыл жасайды. Акцияларды Брокердегі шотқа аудару үшін Сіз екі бұйрық беруіңіз қажет: бірін – Тіркеушіге акцияларды есептен шығаруға (төменде 2.1-тармақты қара), екіншісін – Брокеріңізге акцияларды есепке алуға (төменде 2.2-тармақты қара).</p> <p>Түсініспеушілікке жол бермеу үшін, Тіркеушідегі шотта акциялары сақтаулы акционер «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасына қатыса алмайтынын атап өтеміз.</p>
2.1	<b>Тіркеушіге артықшылықты акцияларды есептен шығаруға бұйрық беру</b>
а	<p>Тіркеушінің офистері тек Астана және Алматы қалаларында бар екеніне назарларыңызды аударамыз. Аймақтардағы акционерлерлер Тіркеушінің трансфер-агенті Қазпочта АҚ-ға хабарласа алады.</p> <p>Тіркеушіге немесе трансфер агент болып табылатын Қазпочта АҚ-ға хабарласыңыз.</p> <p>Тіркеушінің байланыс деректемелері:          Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев к-сі, 30А/3 үй, тел. +7 (727) 272-47-60 ішкі 150, сайт <a href="http://tisr.kz">tisr.kz</a>          Астана қаласы, 010000, Иманов к-сі 13 үй, офис 101 Тел.: +7(7172) 47-61-88, +7(7172) 47-61-89.</p>

	<p>Қазпочта АҚ-ның байланыс деректемелері:  Көкшетау қ., Абай к-сі 1088, тел. + 7 7162-25-14-85 ішкі 72029  Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан к-сі 62, тел. +7 7132-97-24-16 ішкі 74048  Талдықорған қ., Тәуелсіздік к-сі 53, тел. +7 7282-60-11-33 ішкі 60031  Атырау қ., Абай к-сі 6, тел. +7 71 22-95-69-93 вн.76061  Өскемен қ., Қасым Қайсенов к-сі 57, тел. +7 7232-50-57-41 ішкі 52051  Семей қ., Уранхаев к-сі 48, тел. + 7 72 22-52-69-82  Тараз қ., Төле би к-сі 79, тел. +7 72 62-96-34-22 ішкі 78085  Орал қ., Аманжолов к-сі 104/1, тел. +7 71 12-51-14-95 ішкі 64048  Қарағанды қ., Бұхар Жырау д-лы 39, тел. + 7 7212-60-42-13 ішкі 24047  Жезқазған қ., Желтоқсан к-сі 9, тел. + 7 7102-72-22-40  Қызылорда қ., Мұратбаев к-сі 38, тел. +7 7242-23-62-82 ішкі 28021  Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы 69, тел. +7 7142-90-25-19 вн. 26057  Ақтау қ., 8 ш.а., 20 үй, тел. 8-7292-20-35-66  Жаңаөзен қ., Шаңырақ к-сі, 46Е8 ғимарат, тел. +7 72934-71790  Павлодар қ., Академик Сәтпаев к-сі 50, тел. +7 71 82-32-07-68 ішкі 66012  Петропавл қ., Пушкин к-сі 61-тел. +7 7152-46-13-96  Шымкент қ., Қазыбек би к-сі 24 тел. +7 7252-53-73-28  Атырау қ., Смағұлов к-сі, 52а тел. +7 71 22 32 45 53  Атырау қ., Авангард 3 ш.а. 49 үй тел. +7 71 22 95-69-69  Атырау қ., Авангард 3 ш.а. 49 үй, тел. +7 71 22 21-30-02  Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23 тел +7 71237 5-17-38  Мақат кенті, Мұқашев к-сі, 19 тел. +7 71 239 31 718  Доссор кенті, Сүлейменов к-сі, 1 тел. + 7 71 239– 42-12-10</p>
б	<p>Тіркеуші/трансфер агентінің қызметкерімен сөйлескен кезде, Сіз өз артықшылықты акцияларыңызды Тіркеушідегі шоттан Брокерде ашылған өз шотыңызға аудару (яғни, бағалы қағаздарды ОД-ға номиналды ұстауға аудару) ниетіңіз туралы атап өтуіңіз қажет.</p>
в	<p>Тіркеуші/трансфер агент Сіздің деректемелеріңіздің толықтығы мен нақтылығын Акционерлердің тізілімімен салыстырып тексереді. Егер деректемелер толық немесе нақты болмаса, Тіркеуші/трансфер агентінің нұсқауларын орындаңыз. Ондай жағдайда, Сізге қолданыстағы жеке басыңызды куәландыратын құжаттың деректемелерін, мекенжайыңызды, ЖСН-ді және Тіркеуші сұрататын өзге де мәліметтерді қамтитын мәліметтерді (деректемелерді) өзгертуге бұйрық ресімдеу қажет болады.</p> <p><i>Тіркеуші бұйрықтарының қолданымды үлгілеріне оның веб-сайтында <a href="http://www.tisr.kz/index.php/klientam/formy-prikazov">http://www.tisr.kz/index.php/klientam/formy-prikazov</a> сілтемесі бойынша қол жеткізуге болады.</i></p> <p>Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы Заңына сәйкес, акционер он күннің ішінде қоғамның тіркеушісін және сол акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуі тиіс. Басқаша айтқанда, Компанияның Акционерлер тізілімінде көрсетілген деректердің қолданымдылығы, дәлдігі мен нақтылығы үшін акционердің өзі жауап береді.</p>
г	<p>Өз деректемелерін жаңартуға бұйрықпен (қажет болған жағдайда) қатар, Сізге Тіркеуші белгілеген нысанда артықшылықты акцияларды Брокерде ашылған шотқа есептен шығаруға бұйрықты толтыру қажет. Тіркеуші/Трансфер агент Сізге бұйрықтың нысанын дұрыс толтыру бойынша кеңес береді, алайда, негізінен, бұйрықта мынадай ақпараттар болуы шарт:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Сіздің аты-жөніңіз</li> <li>2) Сіз акцияларды есептен шығаратын шоттың нөмірі</li> <li>3) Сіз акцияларды есепке алғызатын шоттың нөмірі</li> <li>4) Бағалы қағаздардың түрі мен олардың ұлттық сәйкестендіру нөмірі (мысалы, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшылықты акциялары, ҰСН</li> </ol>

	<p>KZ1P51460114)</p> <p>5) Есептен шығарылатын акциялардың саны</p> <p>6) Тіркеуші сұрататын өзге де мәліметтер</p> <p><i>Тіркеуші бұйрықтарының қолданымды үлгілеріне оның веб-сайтында <a href="http://www.tisr.kz/index.php/klientam/formy-prikazov">http://www.tisr.kz/index.php/klientam/formy-prikazov</a> сілтемесі бойынша қол жеткізуге болады.</i></p> <p>Трансфер-агент бұйрықты алғаны туралы белгі қойып және оған қол қоюға, мөрмен бекітуге міндетті. Трансфер-агенттің өкілінен ол қабылдап белгі қойған есептен шығару жөніндегі бұйрықтың көшірмесін талап етіңіз.</p>
д	<p>Тіркеушіге кез келген бұйрық берерде, оған жеке тұлғаны куәландыратын құжатты қоса берудің қажеттілігін есіңізде ұстаңыз. Тіркеуші/Трансфер агенттен қажетті құжаттардың <u>толық</u> тізімін нақтылаңыз.</p> <p>ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, барлық бұйрықтарға Тіркеуші/Трансфер агент қызметкерінің қатысуымен акционердің өзі, не нотариус берген сенімхаттың негізінде оның сенімді тұлғасы қол қояды.</p>
е	<p>Тіркеуші мәліметтерге (деректемелерге) өзгеріс енгізу және акцияларды есептен шығару (басқаша айтқанда «номиналды ұстауға енгізу») жөніндегі операцияларды қоса алғанда, белгілі бір операциялар үшін комиссиялық сыйақы алады. Тіркеуші/Трансфер агентінің офисінде комиссияның нақты мөлшерін және оны төлеудің тәртібін анықтап сұраңыз. Қазпочта АҚ-ның жеке тұлғалар үшін Брокер және Трансфер агент ретіндегі комиссияларын Компания өтейді.</p>
<b>2.2</b>	<b>Брокерге артықшылықты акцияларды есепке алуға ыңғайласпа бұйрық беру</b>
а	<p>Брокерден бұрынырақ алынған бағалы қағаздарды есепке алу бұйрығының нысанын <b>Тіркеушіге акцияларды есептен шығаруға бұйрықты</b> толтырған кезде қолданылған мәліметтерге сәйкес толтырылады (бұл үшін Тіркеушіден алынған бұйрықтың көшірмесін пайдаланыңыз). Аты-жөні, бағалы қағаздардың түрі, олардың сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) мен саны сияқты мәліметтер екі бұйрықта да бірдей болуы шарт.</p> <p>Брокер мен Тіркеуші өздеріндегі бұйрық бланкілерін қолданатынын, олардың арасында айырмашылықтар болу мүмкіндігін есте сақтаңыз. Алайда, бұйрықтар ОД жүйесінде сабақтасуы және аудару іске асуы үшін, бұйрықтардағы негізгі мағлұматтар бір-біріне қайшы келмейтініне көз жеткізу қажет, өйтпеген жағдайда акцияларды аудару мүмкін болмайды.</p>
б	<p>Тіркеуші мен Брокердің жұмыс регламенттеріне сәйкес, есептен шығару және есепке алу бұйрықтары ОД жүйесінде сабақтасады және олар табысты орындалған жағдайда акциялар автоматты түрде Сіздің Брокердегі шотыңызға аударылады.</p> <p>Ақтығында, бұл екі бұйрық бір мезгілде берілуі қажет, себебі қолданыстағы заңнамада мұндай бұйрықтардың қолданылу мерзімі 3 (үш) жұмыс күні деп белгіленген.</p> <p>Өз Брокеріңізден Сіздің бұйрығыңыздың орындалу мәртебесі туралы ұдайы сұрастырыңыз.</p>
<b>3.</b>	<b>Мамандандырылған саудаласудың шеңберінде сатуға бұйрық беру</b>
а	<p>Сіздің Брокеріңіз Сізге артықшылықты акцияларыңыздың Сіздің брокерлік шотыңызға есепке алынғанын растағаннан кейін, Сіздің келесі қадамыңыз Брокерге ол белгілеген үлгіде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның артықшы акциялары бойынша Қазақстанның Қор Биржасында (ҚҚБ) <b>мамандандырылған саудаласуға</b> қатысуға бұйрық беру болып табылады. Бұйрықта, өзгесімен қатар, сатылатын акциялардың санын көрсеткен жөн. Осы бұйрықтың (өтінімнің) негізінде Брокер ҚҚБ-да өткізілетін мамандандырылған саудаласудың шеңберінде акцияларды сатуға өтінім береді.</p>
б	Акциялар бойынша есептеулер
в	«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Есептеу күнінде алынған өтінімдердің жиынтық

	<p>биржалық тізімдемеге сәйкес осы құжатқа сәйкес сатып алу туралы ұсынысты қабылдаған артықшылықты акцияларды иеленуші барлық акционерлерге артықшылықты акцияларды сатып алудың толық бағасын олардың брокерлік шоттарына төлейді.</p> <p>Брокерлік шоттардан артықшы акцияларды иеленетін және сатып алу туралы ұсынысты қабылдаған акционерлердің шоттарына ақша аударудың тәртібі акционер мен тиісті брокердің арасындағы брокерлік шартпен реттеледі.</p> <p>Артықшылықты акцияларды сатудан түскен ақша сомасын алу үшін Сіз брокерге белгіленген нысандағы Клиент өтінімін беруіңіз қажет.</p>
--	---

## ПАЙДАЛАНҒАН ТЕРМИНДЕР

Осы құжаттағы мына терминдер мен қысқарған сөздер мағыналас болып табылады

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ .....	Компания, ҚМГ БӨ
Артықшылықты акцияларды ұстаушы.....	Акционер
Артықшылықты акциялар.....	Акциялар, бағалы қағаздар
Сатуға өтінім.....	Сатуға бұйрық, сатуға өтінім
Тіркеуші .....	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті іске асыратын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;
Орталық депозитарий .....	Қазақстан Республикасының аумағында депозитарлық қызметті іске асыратын жалғыз мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;
Трансфер-агент .....	Өз клиенттерінің арасында құжаттар (ақпараттар) қабылдау және беру жөнінде қызмет көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы

## ӨТІНІМДЕР ЖИНАҚТАУ КЕЗЕҢІНІҢ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ КҮНДЕРІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ

17.08.2018 -28.08.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің бірінші кезеңі
29.08.2018	есеп айырысудың бірінші күні
03.09.2018-13.09.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің екінші кезеңі
14.09.2018	есеп айырысудың екінші күні
17.09.2018-27.09.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің үшінші кезеңі
28.09.2018	есеп айырысудың үшінші күні
01.10.2018-15.10.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің төртінші кезеңі
16.10.2018	есеп айырысудың төртінші күні
17.10.2018-31.10.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің бесінші кезеңі
01.11.2018	есеп айырысудың бесінші күні
02.11.2018-15.11.2018	артықшылықты акцияларды мамандандырылған саудаласуда сатуға арналған клиенттік өтінім берудің соңғы кезеңі

16.11.2018

есеп айырысудың соңғы күні

**ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ ПЕН СІЛТЕМЕЛЕР**

		Бағдарлама және бағалы қағаздар нарығы туралы неғұрлым егжейлі-тегжейлі ақпарат алу үшін мына төмендегі көздерден мәлімет алуды ұсынамыз:
		<ol style="list-style-type: none"><li>1. ҚМГ БӨ-нің артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасының мәселелері жөніндегі байланыс орталығы – 1499 (Қазақстан бойынша қалалық және ұялы байланыс тегін)</li><li>2. ҚМГ БӨ-нің сайты: <a href="http://www.kmgep.kz/">http://www.kmgep.kz/</a></li></ol>